

ҚР Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл Агенттігі Қызылорда облысы бойынша департаментінің бастамасымен ҚРАуылшаруашылық министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Қызылорда облыстық аумақтық инспекциясында Елбасымыздың өткен жыл басындағы «Қазақстанның үшінші жаңғыру жолындағы» халыққа жолдауындағы «Рухани жаңғыру» бағдарламасына арналған инспекция қызметкерлерінің қатысуымен жиналыс өткізілді.

Инспекция басшысы Ж.Сарсенбаев «Рухани жаңғыру» бағдарламасын, соның ішіндегі «Өзгерістерді өзіннен баста» бағытындағы кіші бағдарламасын таныстыра отырып, аталған бағдарлама мемлекеттік қызметшілердің жүріс-тұрысы мен санасын өзгертуді қоздейтінін атап айтты.

Жиналыс барысында инспекцияның бөлім басшылары ветеринария саласында болып жатқан он өзгерістерге, яғни қағазбастылық азайып, электронды жұмыс жасауға көшкенін баяндады.

Жиналыс белсенді талқылаумен жалғасып, инспекция қызметкерлері ұсыныстарын жеткізді. «Өзгерістерді өзіннен баста» бағытындағы кіші бағдарламасы барысында игі нәтижелерге қол жеткізетіндеріне сенімді.

Б.Әбдіқадыров